**Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 23 маусымдағы N 3-1-1426қ "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі қалалық арнайы комиссия туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 15 тамыздағы N 23-7-602қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 9 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 409. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 24 сәуірдегі N 23-7-351қ қаулысымен.

*Астана қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 24 сәуірдегі N 23-7-351қ қаулысынан үзінді:*

*"Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Ренспубликасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 ақпандағы N 110 "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес Астана қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:*

*. . .*

*5. Астана қаласы әкімдігінің мынадай қаулыларының күші жойылды деп танылсын:*

*1) . . .*

*2) Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 15 тамыздағы N 23-7-602қ "Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 23 маусымдағы N 3-1-1426қ "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі қалалық арнайы комиссия туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 9 қыркүйекте N 409 болып тіркелген; " Астана хабары" газетінде 2005 жылғы 15 қыркүйекте N 130; "Вечерняя Астана" газетінде 2005 жылғы 20 қыркүйекте N 144 жарияланған) қаулысы.*

*Әкімнің міндетін атқарушы*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Астана қаласы әкімдігінің 2004

жылғы 30 желтоқсандағы N 3-1-1978қ "Астана қаласының жергілікті атқарушы органының кейбір мәселелері туралы" қаулысын ескере отырып, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 23 маусымдағы N 3-1-1426қ "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі қалалық арнайы комиссия құру туралы" (Астана қаласының Әділет басқармасында 2004 жылғы 7 шілдеде N 334 болып тіркелген; "Астана хабары" газетінде 2004 жылғы 13 шілдеде N 93; "Вечерняя Астана" газетінде 2004 жылғы 15 шілдеде N 95 жарияланған) қаулысына өзгерістер енгізілсін:

1) аталған қаулының:

3-тармағындағы "Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменті" сөздері "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі" сөздерімен ауыстырылсын;

2) осы қаулының қосымшасына сәйкес Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі қалалық арнайы комиссияның құрамы жаңа құрамда мақұлданып, Астана қаласы мәслихатының бекітуіне жіберілсін.

2. Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 7 маусымдағы N 3-1-395қ "Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 23 маусымдағы N 3-1-1426қ "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі қалалық арнайы комиссия құру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысының күші жойылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары С.С.Мұстафинаға жүктелсін.

Әкім

Әкімнің бірінші орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкім аппаратының басшысы

"Астана қаласының Қаржы департаменті" мемлекеттік мекемесінің директоры

Құжаттамалық сараптама бөлімнің меңгерушісі

"Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесінің директоры
КЕЛІСІЛДІ:

"Алматы" ауданы әкімінің міндетін атқарушысы
"Сарыарқа" ауданының әкімі

"Астана қаласының Әділет департаменті" мемлекеттік мекемесінің директоры

"Қазақстан Республикасы Астана қаласы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің департаменті" мемлекеттік мекемесінің директоры

"Астана қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 15 тамыздағы N 23-7-602қ қаулысына қосымша

Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 23 маусымдағы N 3-1-1426қ қаулысына қосымша

**Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі қалалық арнайы комиссиясының ҚҰРАМЫ**

| | |
|---|---|
| Мұстафина Сабила Сапарқызы | - Астана қаласы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы; |
| Демеува Айгүл Сағадатқызы | - "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар |

департаменті" мемлекеттік мекемесінің директоры, комиссия төрағасының орынбасары;

Есмағанбетова Сандуғаш Жатанқызы - "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі заң бөлімінің бастығы, комиссия хатшысы.

Комиссия мүшелері:

Еркетаев Мұхтар Дүйсенұлы - "Алматы" ауданының әкімі;

Ахметов Сапар Қайратұлы - "Сарыарқа" ауданының әкімі;

Асқарова Айгүл Ермағамбетқызы - "Астана қаласының Қаржы департаменті" мемлекеттік мекемесінің директоры;

Қасенова Гүлнәр Қайырбекқызы - қала әкімі аппараты әлеуметтік сала бөлімінің меңгерушісі;

Ақжанов Әбдікәрім Арынұлы - "Астана қаласының Әділет департаменті" мемлекеттік мекемесінің директоры (келісім бойынша);

Оразова Сапура Сұлтанқызы - "Қазақстан Республикасы Астана қаласы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің департаменті" мемлекеттік мекемесінің директоры (келісім бойынша);

Мыңжанов Қайрат Тұрсынайұлы - "Астана қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК